

"Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 404 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ЖОБА

"Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеуді іске асырудың құқықтық, ұйымдастыру және экономикалық негіздерін белгілейді.

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аграрлық өнеркәсіп кешені - ауыл, балық шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі (алкоголь және темекі өнімінен басқа) өнімін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, сондай-ақ оларды техникамен, технологиялық жабдықпен, ақша, ақпарат және басқа ресурстармен қамтамасыз ететін бағыттас өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қызмет көрсетуді және кадрлар дайындауды қамтитын экономика с а л а р ы н ы ң ж и ы н т ы ғы ;

2) мемлекеттік техникалық инспекция тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өткіштігі жоғары арнайы машиналарды тиісті құжаттарды және мемлекеттік нөмірлік белгілерді бере отырып мемлекеттік тіркеуден, мемлекеттік техникалық тексеруден өткізеді, көрсетілген көлік құралдарымен және тіркемелерді пайдаланушы тұлғаларды тіркейді және есепке алады, сонымен қатар сенімхат бойынша емтихан қабылдайды

және машинаны жүргізуге құқығы бар куәлік береді, сондай-ақ оларды өткізудің тәртібін анықтайды;

3) сатып алу операциялары - бағаның күрт төмендеуі кезеңінде ішкі рынокты тұрақтандыру, ішкі рынокты реттеу және ауыл шаруашылығы өнімін экспорттық жеткізіп беруді қамтамасыз ету мақсатында бекітілген баға бойынша ауыл шаруашылығы өнімін сатуды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде мемлекет жүзеге асыратын іс-шаралар;

4) аграрлық өнеркәсіп кешенінің ақпараттық-консультациялық жүйесі - аграрлық өнеркәсіп кешені субъектілерін ақпараттық-консультациялық және маркетингтік қамтамасыз етуге бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдардың бірыңғай ақпараттық және техникалық ресурстар жүйесі;

5) ауылдық аумақтар - аудандар мен қалалардың әкімшілік-аумақтық шекараларындағы ауылдық елді мекендер жиынтығы және олардың маңайындағы жерлер;

6) ауыл шаруашылығы санағы - ауылдық елді мекендердегі шаруашылық есеп әдісінің негізінде белгілі бір күндегі ауыл шаруашылығын дамытудың жай-күйі туралы сандық ақпарат жинауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

7) ауыл шаруашылығы өнімі - ара шаруашылығын қоса, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының шикізаттары мен өнімдері, сонымен бірге оларды бастапқы қайта өңдеу жолымен алынған өнімдер;

8) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы - денсаулық сақтау, білім, мәдениет, спорт, телекоммуникациялар, байланыс объектілерін, жолдарды, почтаны, газбен, электрмен, жылумен, сумен қамтамасыз етуді және су тартуды, өндірістік қалдықтарды жинап кәдеге жаратуды және тұтынуды қамтитын тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің жүйесі;

9) аграрлық өнеркәсіп кешенінің субъектілері - аграрлық өнеркәсіп кешенінде қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар;

10) аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті орган - өз құзыретінің шегінде аграрлық өнеркәсіп кешенін дамытуды мемлекеттік реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті орган - өз құзыретінің шегінде ауылдық аумақтарды дамытуды салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) баға интервенциясы - бағаның бақылаусыз өсуі кезеңінде мемлекеттік ресурстардан немесе өзге де көздерден ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерін бекітілген бағалар бойынша ішкі рынокта сату жөніндегі іс-шаралар.

2-бап. Аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалары

1. Аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және Қазақстан Республикасының осы Заңынан және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағылардан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасында аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері

Аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу мынадай негізгі принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарына сәйкестік;
- 2) Дүниежүзілік сауда ұйымы келісімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі талаптарына және фитосанитариялық мен ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға сәйкестік;
- 3) мемлекет жүзеге асыратын іс-шаралардың ашықтығы;
- 4) мемлекеттік қолдау көрсету шараларындағы нақтылық;
- 5) отандық аграрлық өнеркәсіп кешені өндірісіндегі бәсекелестік артықшылықтарды қолдау;
- 6) ішкі азық-түлік рыногын импорттау кезінде теріс пиғылды бәсекеден қорғалуы;
- 7) мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді анық ажырату;
- 8) аграрлық өнеркәсіп кешені қызметінің және ауылға қоныстандырудың экологиялық қауіпсіздігі;
- 9) экономикалық өсу әлеуеті бар ауылдық аумақтарды дамытудың басымдығы;
- 10) ауылдық жерлерді мекендеуге арналған қолайлы жағдайлардың қамтамасыз етілуі;
- 11) аграрлық өнеркәсіп кешенінің салалық кәсіпкерлер бірлестіктерімен өзара іс-әрекет етуі;
- 12) мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі.

4-бап. Аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты анықтайды;
- 2) аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы

салалық (секторлық) бағдарламаларды бекітеді;

3) аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және үкіметаралық келісімдер ж а с а й д ы ;

4) сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізудің көлемін, бағаларын және тәртібін анықтайды;

5) ауыл шаруашылығы өнімі мемлекеттік ресурстарының көлемін, құрылымын, оны қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережелерін бекітеді;

6) аграрлық өнеркәсіп кешені саласында қызмет көрсету жөнінде мамандандырылған ұйымдар құрады және олардың қатысуымен аграрлық өнеркәсіп кешені саласын қолдаудың тәртібін анықтайды;

7) ауыл шаруашылығы өнімі мемлекеттік ресурстарын басқару жөніндегі ұ й ы м д а р д ы а н ы қ т а й д ы ;

8) Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың бас схемасының құрамында ауыл халқын оңтайлы қоныстандырудың схемасын бекітеді;

9) аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламалары б о й ы н ш а с у б с и д и я л а у б е к і т е д і ;

10) ауыл шаруашылығы санағын өткізудің тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

11) аграрлық өнеркәсіп саласындағы қазіргі заманға сай техникалық саясатты қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аграрлық өнеркәсіп кешені және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік реттеудің өзге де функцияларын жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган:

1) аграрлық өнеркәсіп кешені мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлейді ж ә н е і с к е а с ы р а д ы ;

2) аграрлық өнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларын әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұ с ы н а д ы ;

3) аграрлық өнеркәсіп кешені саласындағы мемлекетаралық экономикалық байланыстардың басым бағыттарын анықтайды, халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды, аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту саласында халықаралық бағдарламаларды өзінің құзіретіне сәйкес іске асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ветеринария, өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастырады;

5) халықаралық талаптарға сәйкес ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау жү р г і з у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

6) аграрлық өнеркәсіп кешені салаларын халықаралық сапа стандарттарына көшіру б о й ы н ш а і с - ш а р а л а р ә з і р л е й д і ;

7) мынадай мониторинг өткізеді:
аграрлық өнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыру;
дала жұмыстары;
ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерінің бағалары мен рыноктарының мониторингін;

8) мынадай талдау жүргізеді:
қызмет салалары мен түрлері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметтің жай-күйі мен нәтижелеріне, ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтыну мен өндірудің баланстарына;

аграрлық өнеркәсіп кешені салаларын дамыту жөніндегі статистикалық деректерге;

9) ақысыз негізде аграрлық өнеркәсіп кешені субъектілеріне уәкілетті органның беруіне жататын ақпараттар мен көрсетілетін қызметтер тізбесін анықтайды;

10) мемлекеттің аграрлық өнеркәсіп кешені саласындағы баға, техника, кеден, салық, несие, сақтандыру және техникалық реттеу саясатының мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді;

11) еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес аграрлық өнеркәсіп кешені саласында мамандандырылған ұйымдар құру, дамыту, қайта ұйымдастыру, тарату туралы ұсыныстар енгізу;

12) ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды техникалық жабдықтау, дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және ұйымдастырады;

13) аграрлық өнеркәсіп кешені саласында техникалық инспекциялау функциясын қамтамасыз етеді;

14) тракторларды, олардың негізінде жасалған шасси мен тетіктерді, олардың арнайы қондырғылармен жабдықталған тіркемелерін қоса алғанда, мемлекеттік тіркеу ережелерін, азаматтарға тракторист-машинист куәлігін беру үшін емтихан қабылдау және беру ережелерін бекітеді;

15) аграрлық өнеркәсіп кешені субъектілерінің кредит ресурстарына қол жеткізуін жақсарту үшін жағдай жасайтын, аграрлық өнеркәсіп кешенін несиелеуді жүзеге асыратын кредиттік серіктестіктер жүйесін дамыту;

16) аграрлық өнеркәсіп кешенін ақпараттық-консультациялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

17) аграрлық өнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету және кадрлар даярлау саласында мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;

18) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

19) аграрлық өнеркәсіп кешені саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

3. Ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті орган:

1) ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік, салалық бағдарламаларын әзірлейді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынады және іске асырылуына мониторинг жүргізеді;

3) ауылдық аумақтарды дамытуда орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

4) Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың бас схемасы құрамында ауыл халқын оңтайлы қоныстандырудың схемасын әзірлейді;

5) ауылдық жерлерде шағын кредит беру жүйесін дамытады;

6) мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп ауылдық елді мекенді әлеуметтік және инженерлік көркейтудің ұсынылған деңгейін әзірлейді;

7) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

4. Облыстың жергілікті атқарушы органдары:

1) аграрлық өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлейді және жергілікті өкілетті органдарға бекітуге береді және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді;

2) осы Заңға, мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламаларға және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес аграрлық өнеркәсіп кешенінің субъектілерін мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) аграрлық өнеркәсіп кешенінің субъектілеріне мемлекеттік аграрлық азық-түлік саясатының және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

4) ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бөлігінде дамудың орта мерзімді жоспарларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) аграрлық өнеркәсіп кешені салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) шығарылатын өнімнің түрлері жөнінде өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастырады;

7) аграрлық өнеркәсіп кешені өнімінің саудасы жөніндегі көтерме базарлар ұйымдастырады;

8) аграрлық өнеркәсіп кешені өнімінің бағаларына және рыноктарына мониторинг жүргізеді;

9) ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастырады;

10) аграрлық өнеркәсіп кешені саласындағы озық тәжірибені насихаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

11) малдарды қолдан ұрықтандыру пункттерінің құрылысын салуды, ұстауды және қайта құруды және мал шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын дайындауды қамтамасыз етеді;

12) Жоғары класты асыл тұқымды малдарды сатып алуды, ұстауды және өз төлінен өсіруді кеңейту үшін мал басын толықтыратын төлді өсіруді ұйымдастырады;

13) мынадай іс-шаралар әзірлейді:

аграрлық өнеркәсіп кешені салаларына инвестициялар және екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;

бәсекеге жарамды өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жетілдіру және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;

тоған, өзен-тауар, мәдени балық өсіру шаруашылықтарын және балықты қайта өңдеу кәсіпорындарын дамыту бойынша;

орта және ірі тауар өндірісі бар мамандандырылған мал шаруашылықтарының дамуы үшін жағдай жасау бойынша;

14) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарының инвестициялық жобаларының тізбесін анықтайды;

15) агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық-консультациялық жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдай жасайды;

16) азық-түліктің ішкі және сыртқы рыноктарының ахуалын зерттейді және оны аграрлық өнеркәсіп кешені субъектілеріне жеткізеді;

17) агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органға ақпарат береді.

5. Аудандық жергілікті атқарушы органдары:

1) өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлейді және аудан аумағында іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) осы Заңға, мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламаларға және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес аграрлық өнеркәсіп кешенінің субъектілерін мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады;

3) аграрлық өнеркәсіп кешенінің субъектілеріне мемлекеттік аграрлық азық-түлік саясатының негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жөнінде жұмыс жүргізеді;

4) ауылдық аумақтарды дамытуға және осы саладағы бағдарламаларды іске асыруға мониторинг жүргізеді;

5) елді мекендерде үй жануарларын ұстау және жайылым ережелерін әзірлейді;

6) уәкілетті мемлекеттік орган ветеринария саласында белгілеген тәртіппен, ен сырғалар, таңбалау атрибуттарын (татуировка) және ветеринариялық паспорттар сатып алуды қоса, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді өткізуді ұйымдастырады;

7) аграрлық өнеркәсіп кешені саласында оперативтік ақпарат жинауды жүргізеді және оны облыстың жергілікті атқарушы органына береді.

5-бап. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу

1. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түліктік қауіпсіздікті, агроөнеркәсіптік кешенінің өнімдерінің рыногының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін (ішімдік пен темекі өнімдерінен басқа) дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық пен фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жабдықтауды және басқа да жалғаспалы қызмет салаларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

2. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттары ретінде мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- 1) агроөнеркәсіп кешеніне бюджеттік кредит беру;
- 2) агроөнеркәсіп кешені субъектілерін субсидиялау;
- 3) сатып алу операцияларын және азық-түлік интервенциясын жүргізу;
- 4) мамандандырылған ұйымдар құру;
- 5) агроөнеркәсіп кешені тауарларының экспорты мен импортын реттеу;
- 6) агроөнеркәсіп кешенін техникалық жарақтандыру;
- 7) агроөнеркәсіп кешенін ақпаратты-кеңеспен қамтамасыз ету;
- 8) агроөнеркәсіп кешенін ғылыми және нормативтік-әдістемелікпен қамтамасыз ету ;
- 9) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның дамуына инвестициялар;
- 10) ауыл халқын оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру;
- 11) салықтық бюджеттік, кеден-тарифтік, техникалық реттеу шаралары және Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес өзге де шаралар;
- 12) елдің ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды мемлекеттік реттеу жөніндегі іс-шаралардың қаржыландыру бағыттары заңнамалық актілерге, мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларға сәйкес анықталады, ал осы іс-шараларды қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі республикалық бюджет туралы заңда және тиісті қаржылық жылға арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешімдерімен айқындалады.

6-бап. Агроөнеркәсіп кешеніне бюджеттік кредит беру

1. Агроөнеркәсіп кешеніне бюджеттік кредит беру бюджеттік инвестициялау жобаларын (бағдарламаларын) іске асыруға, сондай-ақ кейіннен түпкі кредит алушыларға қайтадан кредит беретін мамандандырылған даму кредиттік институттардың жарғылық капиталын арттыруға бюджеттік қаражатты бағыттау арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік реттеудің осы шаралары мынадай мақсаттарда қолданылуы мүмкін:

1) ауыл шаруашылығы өндірісінің инфрақұрылымын құру және дамыту;

2) ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтар лизингісіне

к р е д и т

б е р у ;

3) агроөнеркәсіптік кешеніндегі кредит серіктестіктеріне кредит беретін кредиттік ұйымдарды ұйымдастыру және несиелеу;

4) ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығы емес түрлеріне
к р е д и т б е р у ;

5) ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға, өндіруге, қайта өңдеуге және сатуға
к р е д и т б е р у ;

6) ауыл халқына шағын кредит беру.

7-бап. Агроөнеркәсіп кешенін субсидиялау

1. Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін субсидиялау агроөнеркәсіп кешені салаларының дамуын экономикалық ынталандыру ретінде мынадай жағдайларда жүзеге асырылады :

1) агроөнеркәсіп кешені салаларын дамытуға бағытталған субсидиялаудың экономикалық тиімділігі;

2) өндірілген өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттігін арттыру.

2. Субсидиялау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне кредит беру және ауыл шаруашылығы техникасымен және құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету кезіндегі пайыздық с т а в к а н ы с у б с и д и я л а у ;

2) өсімдіктердің жоғары бағалы сорттарын және ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың және балықтардың жоғары бағалы тұқымдарының гендік қорларын сақтауды және дамытуды субсидиялау;

3) тұқым шаруашылығын дамытуды, өсімдік шаруашылығы өнімнің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау;

4) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау;

5) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауарлы-материалды құндылықтардың құнын субсидиялау;

б) өндірісті басқару жүйесін дамытуды және ауыл шаруашылығы өнімі рыногын с у б с и д и я л а у ;

7) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау;

8) жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызуды
с у б с и д и я л а у ;

9) Қазақстан Республикасының арнайы заңнама актілерінде көзделген аграрлық өнеркәсіп кешенін субсидиялаудың өзге де бағыттары.

3. Субсидиялаудың басым бағыттары заңнамалық актілерге, мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламаларға сәйкес орта мерзімді фискальды саясатпен анықталады.

Әр жылға арналған субсидиялаудың нақты бағыттары мен көлемі республикалық бюджет туралы заңда және тиісті қаржылық жылға арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешімдерімен айқындалады.

8-бап. Аграрлық азық-түлік рыногын реттеу

Аграрлық азық-түлік рыногын мемлекеттік реттеу азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында :

- 1) бағаның бақылаусыз өсу (күлдырау) шарттарында оларды тұрақтандыру мақсатында белгіленген баға бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу операциялары және баға интервенциялары;
- 2) ішкі рынокты Қазақстан Республикасының арнайы заңдарына сәйкес кеден-тарифтік, тарифтік емес және техникалық реттеу әдістерімен қорғау;
- 3) ішкі рынокты реттеу және ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттық жеткізілімді қамтамасыз ету үшін мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыратын сатып алу операциялары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

9-бап. Елдің ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді

мемлекеттік реттеу

1. Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеудің іс-шаралары қолданыстағы арнайы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін халықаралық талаптарға сәйкес қылу мақсатында мемлекет мынадай шараларды жүзеге асыра алады:

1) халықаралық стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауды жүргізу ;

2) агроөнеркәсіп кешені саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша жануарлардың жұқпалы ауруларының профилактикасы, диагностикасы және жою;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын соятын алаңдарды ұйымдастыру;

4) карантиндік зиянкестерді, арамшөптерді және өсімдік ауруларын қоса алғанда, зиянды организмдердің таралуына жол бермеуге бағытталған фитосанитариялық іс - шаралар ;

5) агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің адам мен жануарлардың денсаулығына аса қауіп төндіретін малдарды, мал өнімдері мен шикізаттарын алып қою және жою нәтижесінде шеккен залалдарын өтеу.

10-бап. Агроөнеркәсіп кешенін техникалық қамтамасыз ету

Ауыл шаруашылығын техникалық қамтамасыз ету мынадай жолмен іске асырылады:

- 1) машина-трактор паркін және технологиялық құрал-жабдықтарды жаңартуды ұйымдастыру;
- 2) машина-технологиялық станциялар (сервис орталықтар) желісін дамыту;
- 3) ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың отандық және шетелдік өндірісі өнімдерін сынақтан және міндетті сертификаттаудан өткізу;
- 4) мемлекеттік техникалық инспекцияның қызметін ұйымдастыру.

11-бап. Агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-кеңеспен қамтамасыз ету

1. Мемлекет агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-кеңеспен қамтамасыз етуді:
 - 1) агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық-кеңес жүйесін құру;
 - 2) он жылда бір реттен кем емес ауыл шаруашылығы санағын жүргізу;
 - 3) ақпараттық материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және мамандандырылған жинақтарды, журналдарды, тақырыптық баспаларды басып шығару;
 - 4) қазіргі ақпараттық технологияны және электрондық сауда-саттықты құру және дамыту;
 - 5) көрмелер-жәрмеңкесін ұйымдастыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдеріне жарнамалық қолдау көрсету;
 - 6) үйрету семинарларын өткізу арқылы жүзеге асырады.
2. Агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне ақысыз негізде беруге жататын ақпараттар мен қызмет көрсету тізімі уәкілетті органдармен анықталады.

12-бап. Агроөнеркәсіп кешені саласындағы мамандандырылған ұйымдар

Агроөнеркәсіп кешені салаларын тұрақты дамыту, агроөнеркәсіп кешені субъектілерін нарықтық бәсекелестікте жоқ немесе әлсіз дамыған жекелеген қызмет түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында мемлекет мамандандырылған ұйымдар құралады.

Мамандандырылған ұйымдарды құру тәртібі және ұйымдық-құқықтық нысандары және міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

13-бап. Агроөнеркәсіп кешені үшін ғылыми қамтамасыз ету және кадрларды дайындау

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуды ғылыми және кадрмен қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдау ұйымдар арқылы жүзеге асырыла алады:

- 1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- 2) аграрлық ғылымның дамуының басым бағыттары бойынша кадрлар дайындау, қайта дайындау және аттестациялау;

- 3) өндіріске ғылыми әзірлемелерді тарату және енгізу;
- 4) өсімдіктердің жоғары бағалы сорттарын және ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың және балықтардың жоғары бағалы тұқымдарының гендік қорларын сақтау және дамыту.

14-бап. Ауылдық аумақтарды дамыту

1. Мемлекет ауылдық аумақтардың дамуын:

- 1) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды ауылдық елді мекендерді әлеуметтік және инженерлік жайластырудың негізінде құру және дамыту;
- 2) ауыл халқын оңтайлы орналастыру;
- 3) ауыл аумақтарына денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт саласындағы қызметкерлерді тартуды ынталандыру арқылы реттейді.

2. Ауыл халқын оңтайлы орналастыру мақсатында қолайсыз экологиялық жағдайлы ауылдық елді мекендерде тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, осы азаматтардың қоныс аударуға келісім берген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайы бір қалыпты елді мекендерге заңнамаларға сәйкес қоныс аударуға жатады.

3. Ауылды елді мекендерде қызмет істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандарына жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша айлықтары мен тарифтік ставкалары қалалық жағдайларда қызметтің осы түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда 25 пайыздан кем емес көтерме белгіленуі мүмкін.

4. Ауылды елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандарына отын-көмір алуына әлеуметтік көмек жергілікті өкілдік органдар шешімі бойынша жергілікті бюджет есебінен беріледі.

15-бап. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды нормативтік-әдістемелікпен

қамтамасыз ету

1. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды нормативтік-әдістемелікпен қамтамасыз ету ғылыми негізделген агротехнологияны және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясын қолдану, саланың және оған қызмет ететін инфрақұрылымның тиімді өсуі, бәсекеге қабілетті өнім шығару, бюджеттік қаржыландыруды оңтайландыру, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, экономикалық әлеуеттің өсуі, ауылдық елді мекендер тұрғындарының табысын көтеру, ауылдық елді мекендердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл халқын оңтайлы орналастырудың схемасын әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды нормативтік-әдістемелікпен қамтамасыз ету техникалық регламенттерді, стандарттарды, нормативтерді, нұсқаулықтарды, әдістемелерді, ұсыныстарды әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

16-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер

1. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

2. "Қазақстан Республикасында ауыл, село және агроөнеркәсіп кешенін дамытудың басымдығы туралы" 1991 ж. 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті